

**«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
БІРІНШІ ИНСТАНЦИЯЛЫҚ СОТЫНДА**

2025 жылғы 15 сәуір

№: AIFC-C/CFI/2025/0011 ic

Каримов Руслан Хахоркожаевич

Талап қоюшы

қарсы

«Quantdart Fintech Limited» Жеке компаниясы

Жауапкер

ШЕШІМ ЖӘНЕ БҰЙРЫҚ

Сот Судьясы:

Лорд Фолкс КС

ШЕШІМ ЖӘНЕ БҰЙРЫҚ

1. 2025 жылғы 11 сәуірдегі талап арыз нысанына сәйкес, Талап қоюшы 2025 жылғы 6 ақпанда төрелік шешімнің 76-тармағында көрсетілген шараларды тану және орындау туралы бұйрық беру жөнінде Сотқа өтінішпен жүгінген. Бұл шешім 2024 жылғы 2 қыркүйектегі Томас Крюммельдың хаты негізінде тағайындалған біржақты төреші Наталия Аленкина ханым қабылдаған, Астана халықаралық қаржы орталығының Халықаралық төрелік орталығы-дағы ХТО №87/2025 төрелік ісі бойынша шығарылған.
1. Төрелік шешімді қарағаннан кейін мен талап мәлімдемесі негізді деп шештім. Сол себепті мен былай бұйырамын:
 - a) «Quantdart Fintech Limited» жеке компаниясына «Quantdart Fintech Limited» жеке компаниясы Каримов Руслан Хахоркожаевич мырзаға 2023 жылғы 1 ақпандағы №001 пайызсыз қарыз шарты бойынша 20 800 000 теңге (46 222 АҚШ доллары) төлеуге міндеттелсін.
 - b) «Quantdart Fintech Limited» жеке компаниясына арбитраждық алым ретінде 207 000 теңге (460 АҚШ доллары) сомасын Каримов Руслан Хахоркожаевич мырзаға өтеу міндеттелсін.
2. Жауапкерге осы Бұйрық табыс етілген сәттен бастап 14 күн ішінде оны жою туралы өтініш беруге құқық беріледі.
3. Осы Бұйрық a) жоғарыда көрсетілген 3-тармақта белгіленген мерзім өткенге дейін; немесе b) көрсетілген мерзім ішінде Жауапкер ұсынған өтініш толық қаралып, ол бойынша түпкілікті шешім қабылданғанға дейін (қайсысы кейінірек болса), орындауға жіберілмейді

Сот қабылдады,

Мәртебелі Лорд Фолкс КС
Судья, АХҚО Соты

Өкілдік:

Талап қоюшының атынан Нұржан Кумаров мырза, заң кеңесшісі, өкілдік етті.

Жауапкер өкілдік еткен жоқ.